

**«Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығы»
ЗТБ Атқару комитеті
БЕКІТКЕН
24.02.2021 ж. № 5/24 хаттама**

2021 жылға арналған

**БІРІНШІ ЛИГА КЛУБТАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ФУТБОЛДАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІРІНШІЛІГІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ**

Нұр-Сұлтан қ.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР

- 1 - бап. Біріншіліктің мақсаттары
 - 2 - бап. Біріншілікті ұйымдастыру және өткізу
 - 3 - бап. Қазақстандық футбол түлегі
 - 4 - бап. Біріншілікке қатысушылар
 - 5 - бап. Біріншілікті өткізу шарттары
 - 6 - бап. Біріншілікке қатысушыларын керек-жарақпен жабдықтау
 - 7 - бап. Біріншілік матчтарына төрешілік ету
 - 8 - бап. Біріншілік матчтарын тексеру
 - 9 - бап. Біріншілік өтетін жерлер
 - 10 - бап. Өтінім құжаттамасы
 - 11 - бап. Қаржылық шарттар
 - 12 - бап. Командалардың орнын анықтау
 - 13 - бап. Біріншіліктің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау
 - 14 - бап. Біріншілік матчтарының трансляциясын ұйымдастыру
 - 15 - бап. Біріншілік матчтарының интернет трансляциясын ұйымдастыру
 - 16 - бап. Тәртіптік санкциялар
 - 17 - бап. Наразылықтар
 - 18 - бап. Клубтардың жауапкершілігі
 - 19 - бап. Ерекше ережелер
- Қосымша 1

АНЫҚТАМАЛАР

ҚФФ – Біріншілікті ұйымдастырушы болып табылатын «Қазақстан Футбол Федерациясы» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.

ҚКФЛ – OLIMPBET-Чемпионат, Біріншілік, OLIMPBET-ҚР Кубогы, OLIMPBET-ҚР Суперкубогы және Екінші Лига командалары арасындағы Біріншілікті өткізетін «Қазақстанның кәсіби футбол лигасы» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.

ҚКФЛ жалпы жиналысы – ҚКФЛ ең жоғары басқару органы.

ҚКФЛ басшылығы – Президент, Атқарушы директор және Спорт директоры.

Біріншілік – Бірінші Лига клубтары арасында өткізілетін футболдан жарыс.

OLIMPBET-Чемпионаты – Премьер-Лига клубтары арасында өткізілетін футбол жарысы

FIFA – Халықаралық футбол қауымдастықтары федерациясы (ФИФА).

UEFA – Еуропа футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА).

конфедерация – бір құрлықта немесе бір географиялық аймақта орналасқан FIFA таныған ұлттық футбол қауымдастықтарының тобы.

Ұлттық футбол қауымдастығы (Ұлттық қауымдастық) – FIFA мүшесі болып табылатын футбол қауымдастығы (федерация).

Тәртіптік регламент – Біріншілікке қатысушылардың қызметін регламенттейтін ҚФФ және ҚКФЛ қағидаларындағы ережелердің бұзылуы көрсетілген, шығарылатын жазалар және оларға шағымдану тәртібі айқындалатын, шешімдерді шығаруға жауапты органдардың ұйымдық жағы мен жұмыс істеуі, сондай-ақ осы органдарда істерді қарау тәртібі регламенттелетін құжат.

Өңірлік футбол федерациясы – Қазақстанның географиялық ауданына сәйкес өз аумағында футбол қызметін жүзеге асыратын және бақылайтын ҚФФ мүшесі.

Атқарушы комитет (Атком) – ҚФФ атқарушы басқару органы.

Атқару комитетінің бюросы – ҚФФ-ның аралық атқарушы басқару органы.

Төрешілік және инспекциялау департаменті (ТИД) – футбол бойынша өткізілетін матчтардың барлық түрлеріне төрешілік етуді және инспекциялауды ұйымдастыратын, төрешілер мен инспекторларды матчтарға іріктеуді және тағайындауды жүзеге асыратын, барлық мамандардың Ойын ережелерінің практикада және теорияда бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ететін ҚФФ-ның штаттық бөлімшесі.

заң органдары – футбол субъектілерінің FIFA, UEFA, ҚФФ, футбол лигаларының реттемелейтін құжаттарын Ойын ережелерін бұзу фактілерін қарастыратын және тиісті бұзушылықтар үшін тәртіптік санкциялар салатын ҚФФ органдары.

Бақылау-тәртіптік комитеті (БТК) – ҚФФ аясында өткізілетін матчтарды/жарыстарды өткізу кезінде немесе өткізуге байланысты футбол субъектілері жол берген FIFA, UEFA, ҚФФ және ҚКФЛ құжаттарын реттемелейтін Ойын ережелерін бұзу фактілерін қарайтын бірінші инстанциялы ҚФФ заңи органы.

Кәсіпқой футбол клубтары арасында матчтар өткізуге арналған алаңдарға (көгалдарға) рұқсат беру жөніндегі комиссия – футбол клубтарының футбол ойнауға арналған алаңдардың сапасына белгіленген талаптарды орындауын жедел бақылауды қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылатын ҚФФ/ҚКФЛ-ның тұрақты жұмыс істейтін органы.

футбол субъектілері – ҚФФ, ҚФФ және ҚКФЛ мүшелері және өзге де футбол лигалары, өңірлік футбол федерациялары, футбол клубтары, футбол спорттық имараттары мен спорт мектептері, ойыншылар, матчтың ресми тұлғалары, жаттықтырушылар, матчтардың делдалдары мен агенттері, футбол саласындағы кәсіптік одақтар, жанкүйерлер және олардың бірлестіктері, сондай-ақ футболмен байланысты қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғалар. «Футбол субъектілері» ұғымына сондай-ақ жоғарыда аталған барлық ұйымдардың басқару органдарының, комитеттерінің/комиссияларының қызметкерлері мен мүшелері кіред

спорт мектебі – мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық резервтің

мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, академиялар және негізгі мақсаты ойыншыларға қажетті жаттығу базасы мен инфрақұрылымды ұсына отырып, ұзақ мерзімді жаттығу процесімен қамтамасыз ету болып табылатын өзге де ұйымдар (оның ішінде клубтардың құрылымдық бөлімшелері).

клуб немесе футбол клубы – Біріншілікке қатысатын ҚКФЛ мүшесі.

ресми тұлғалар – футбол субъектілері-ұйымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын барлық лауазымды тұлғалар, оның ішінде олардың басшылары (орынбасарлары), сондай-ақ басқару органдарының мүшелері, жаттықтырушылар, футбол төрешілері, инспекторлар, матч делегаттары, техникалық қызметкерлер, FIFA, UEFA, ҚФФ, ҚКФЛ, ҚФФ мүшелерінде, лигалар немесе клубтарда техникалық, медициналық және әкімшілік сұрақтарға жауапты өзге тұлғалар, сондай-ақ ҚФФ заң органдарының мүшелері.

клубтың ресми тұлғасы – «А1» немесе «А2» өтініш парағына енгізілген тұлға.

матчтың ресми тұлғасы – футбол төрешісі (төреші), төрешінің көмекшісі, төрешінің қосымша көмекшісі, резервтік төреші, инспектор, матчтың делегаты, яғни матчты ұйымдастыруға жауапты және төрешілер тобының әрекеттерін бағалайтын адамдар, сондай-ақ ҚФФ мен ҚКФЛ-ның бұйрығымен матчты өткізуге байланысты жауапкершілікті өз мойнына алатын кез келген басқа адамдар.

матчтың делегаты – Біріншілік матчының ұйымдастырылуы мен өткізілуін бақылау үшін ҚКФЛ тағайындаған тұлға.

матч инспекторы – Біріншілік матчын ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ матчтағы төрешілердің әрекеттерін бағалауға тағайындалған адам.

футбол төрешісі (төреші, төрешінің көмекшісі, төрешінің қосымша көмекшісі, резервтік төреші) – Ойын ережелері мен регламенттеуші құжаттарға сәйкес ойынды бақылау және басқару үшін тағайындалатын адам.

ойыншы (футболшы) – Ұлттық қауымдастықта ойыншы (футболшы) ретінде тіркелген жеке тұлға.

кәсіпқой – клубпен еңбек шартын жасасқан және өзінің футбол қызметі үшін ақы (нақты шығындармен салыстырғанда үлкенірек) алатын ойыншы.

матч қатысушысы – Біріншілік матчының хаттамасына енгізілген тұлға.

матч ұйымдастырушысы (қабылдаушы клуб) – Біріншілік матчын тікелей ұйымдастыруға және өткізуге жауапты футбол клубы.

Қазақстан футболының түлегі – осы регламенттің 3-бабының қағидаларына сәйкес анықталатын ойыншы.

легионер – Қазақстан Республикасының азаматы немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы) бірінің азаматы болып табылмайтын ойыншы. Егер ойыншы «легионер» және «түлегі» деген екі анықтамаға жататын болса, онда мұндай ойыншы өтініш парағына «түлегі» ретінде енгізіледі (және Біріншілікке қатысады) және осы Регламенттің 5.4-т. сәйкес алаңда бір мезгілде болатын «легионерлердің» санына және «легионерлердің» жалпы санына қосылмайды.

клуб басшылығы – клубтың бірінші басшысы және оның барлық штаттық орынбасарлары.

хабар таратушы – ҚКФЛ-мен шарт бойынша Біріншілік матчтарының телевизиялық/радио және интернет трансляцияларын шығару құқығына ие компания.

стадион – Біріншілік матчтары өтетін спорттық ғимарат (бүкіл спорт кешені).

Біріншілік ойындарының күнтізбесі – Біріншіліктің ойын күндері мен жұптарының кестесі.

еңбек шарты (ЕШ) — қызметкер (ойыншы, клубтың ресми тұлғасы) мен жұмыс беруші (клуб) арасындағы жазбаша келісім.

трансферлік шарт/өтемақы төлеу туралы шарт – футболдың екі субъектісі арасында ойыншының ауысу тәртібін, мерзімдерін және шарттарын анықтайтын жазбаша келісім.

спорт маусымы (маусым) - бірінші тіркеу кезеңінің бірінші күнінен басталатын және ҚКФЛ өткізетін жарыстардың соңғы ресми матчымен аяқталатын кезең.

ойын ережелері – Халықаралық футбол қауымдастықтары кеңесі (IFAB) қабылдаған (бекіткен) футбол ойынының ережелері.

айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – тиісті жылға арналған «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін көрсеткіш.

форс-мажор (еңсерілмейтін жағдайлар) - дүлей апаттар, әскери іс-қимылдар, ұлттық және салалық ереуілдер, мемлекеттік билік органдарының тыйым салу актілері, эпидемиялар және т.б. сияқты мән-жайлар, сондай-ақ ешқандай мұқияттылық пен ешқандай шығынмен болдырмай алмайтын іс-қимылдар.

Осы регламенттің қағидалары сөздер мен сөз тіркестерінің таңдауына қарамастан, әйел және еркек жынысына да қолданылады.

Осы регламенттің мәтінінде қарастырылған барлық атаулар мен анықтамалар олардың мағынасына нұқсан келтірмей жекеше де, көпше түрде де пайдаланылуы мүмкін.

Осы Регламенттің барлық анықтамалары тек ыңғайлылық үшін тұжырымдалған және регламенттің жекелеген қағидаларының заңды маңыздылығына әсер ете алмайды.

1 - БАП. БІРІНШІЛІКТІҢ МАҚСАТТАРЫ

1.1. Біріншілік келесі мақсаттарда өткізіледі:

- 1.1.1. Қазақстан Республикасында футболды дамыту;
- 1.1.2. қазақстандық ойыншылардың шеберлік деңгейін арттыру;
- 1.1.3. Қазақстан Республикасы құрама командаларының және клубтардың халықаралық жарыстарға дайындығы және табысты өнер көрсетуі;
- 1.1.4. Қазақстан Республикасының жанкүйерлері, қалың жұртшылық, бұқаралық ақпарат құралдары мен іскер топтары арасында Қазақстан футболын насихаттау;
- 1.1.5. футбол әуесқойларының бос уақытын ұйымдастыру;
- 1.1.6. Біріншіліктің жеңімпазы мен жүлдегерлерін анықтау;
- 1.1.7. Біріншіліктің қорытынды кестесіндегі командалардың орындарын анықтау.

2 - БАП. БІРІНШІЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

2.1. Біріншілікті ұйымдастыруды және оның өткізілуін бақылауды Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті таныған және футбол бойынша аккредиттелген жалғыз республикалық спорт федерациясы ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында FIFA және UEFA-ның жалғыз мүшесі ретінде ҚФФ жүзеге асырады.

2.2. Біріншілікті өткізуді және басқаруды, сондай-ақ біріншілікті ұйымдастыруды бақылауды ҚКФЛ жүзеге асырады.

2.3. ҚФФ Біріншілікті ұйымдастырумен байланысты келесі өкілеттіліктерді жүзеге асырады:

- 2.3.1. Біріншіліктің ресми атауы мен бейнемелерін бекіту;
- 2.3.2. ҚКФЛ-мен келісім бойынша осы регламентті бекіту;
- 2.3.3. ҚКФЛ-мен келісім бойынша Біріншілік ойындарының күнтізбесін бекіту;
- 2.3.4. Біріншілікті ұйымдастыруға және өткізуге байланысты ҚФФ комитеттері мен комиссияларын құру, олардың құрамын бекіту;
- 2.3.5. Біріншіліктің төрешілігі мен инспекциялауын қамтамасыз ету, оның ішінде Біріншілік матчтарына қызмет көрсету үшін төрешілер мен инспекторларды тағайындау, оларға Біріншілік матчтарына қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтері үшін сыйақы төлеу;
- 2.3.6. Біріншілікке қатысу үшін футбол клубтарын сертификаттау;
- 2.3.7. Біріншілік матчтары өткізілетін спорт ғимараттарын сертификаттау;
- 2.3.8. Біріншілікке қатысатын ойыншыларды тіркеу;
- 2.3.9. жаттықтырушылар мен футбол клубтарының өзге де ресми тұлғаларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, оларды аттестаттауды жүзеге асыру;
- 2.3.10. Біріншілікке қатысушыларға қолданылатын тәртіптік санкциялардың тізбесін, мөлшерін және тәртібін бекіту;
- 2.3.11. Біріншілікті өткізу барысында жіберілген бұзушылықтар үшін Біріншілікке қатысушыларға тәртіптік санкциялар салу;
- 2.3.12. Біріншіліктің қорытындысын бекіту;
- 2.3.13. футбол клубтары, ойыншылар, жаттықтырушылар және футбол клубтарының өзге де ресми тұлғалары, Біріншілікке қатысушылар арасындағы жанжалдар мен дауларды шешу;
- 2.3.14. Біріншілікке қатысушыларға қолданылатын айыппұл санкцияларын

мақсатты пайдалану тәртібін анықтау;

2.3.15. Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚФФ жарғысына және осы регламентке сәйкес Біріншілікті ұйымдастырушының өзге де өкілеттіктері.

2.4. ҚКФЛ Біріншілікті өткізу барысында келесі өкілеттіліктерді жүзеге асырады:

2.4.1. Біріншілікті жедел басқару;

2.4.2. осы регламентті және біріншілік ойындарының күнтізбесін келісу;

2.4.3. Біріншілікті жедел басқарудың ішкі құрылымдық бөлімшелерін қалыптастыру, олардың функциялары мен өкілеттіктерін айқындау;

2.4.4. Біріншілік матчтарына делегаттарды тағайындау және оларға Біріншілік матчтарына қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтері үшін сыйақы төлеу;

2.4.5. Біріншілікке қатысу үшін футбол клубтарының өтінім беру рәсімін жүзеге асыру және өтінім құжаттамасын тіркеу (еңбек шарттары, трансферлік шарттар, өтемақы төлемдері туралы шарттар және т. б.);

2.4.6. Біріншілікті өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттардың үлгілерін бекіту (матч хаттамасы, делегаттың баянаты, өтінім парағы, Біріншілікке қатысушының өтініші, ойыншының сауалнамасы және т. б.)

2.4.7. Біріншілік матчтарының нәтижелерін тіркеу;

2.4.8. Біріншілік матчтарын көшіру;

2.4.9. ҚКФЛ мүшелерінің Біріншілік қорытындыларын бекіту;

2.4.10. Біріншілікке қатысушыларды арнайы жүлделермен және естелік сыйлықтармен марапаттау;

2.4.11. Біріншілікті өткізуге байланысты демеушілік келісімдер жасасу;

2.4.12. Біріншілік матчтарының трансляцияларын (радио, теледидар, интернет, мобильді байланыс) ұйымдастыру;

2.4.13. Біріншілікті өткізу үшін қажетті полиграфиялық өнімдерді шығаруды ұйымдастыру және атрибуттарды дайындау;

2.4.14. осы регламент қағидаларының сақталуын бақылау;

2.4.15. осы регламентке сәйкес өзге де өкілеттіктер.

2.5. ҚФФ мен ҚКФЛ-дың бірлескен өкілеттіктері:

2.5.1. Біріншіліктің тұтастығына қауіп төндіретін немесе футболдың беделіне нұқсан келтіретін барлық әдістер мен әрекеттердің алдын алу;

2.5.2. Біріншіліктің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау;

2.5.3. осы регламентті және Біріншілік ойындарының күнтізбесін әзірлеу;

2.5.4. Біріншілікке арналған бірлескен баспасөз релиздерін шығару;

2.5.5. әдістемелік және ақпараттық-талдау әдебиетін шығару;

2.5.6. футбол клубтарының жанкүйерлерімен жұмыс бойынша іс-шаралар өткізу;

2.5.7. антидопингтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және біріншілікті өткізу қауіпсіздігінің деңгейін арттыру.

3 - БАП.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФУТБОЛ ТҮЛЕГІ

3.1. Қазақстандық футбол түлегі 12 жастан бастап (ойыншы 12 жасқа толған Спорт маусымының басталуы) 21 жасқа дейін (ойыншы 21 жасқа толған спорт маусымының аяқталуы) толық үш спорт маусымы бойы Қазақстан Республикасының кез келген футбол клубында және/немесе спорт мектебінде тіркелген ойыншы (бұдан әрі – "Түлегі") болып табылады.

3.2. Егер ойыншыны тіркеу туралы деректер жоқ болса, онда *Түлегі* деп қазақстандық клубқа өтуге халықаралық трансферттік сертификат берілмеген ойыншы түсініледі.

3.3. Осы регламенттің 3.1. және 3.2.-тармақтарының күші қолданылмайтын, бірақ төменде көрсетілген талаптардың кем дегенде біреуіне сәйкес келетін ойыншылар да *Түлегілерге* теңестіріледі:

3.3.1. Қазақстан Республикасының Жасөспірімдер (U-19 және U-17), Жастар (U-21) немесе Ұлттық құрама командалары үшін ресми матчтарға (Әлем және/немесе Еуропа Чемпионаттарының, УЕФА Ұлттар Лигасының іріктеу циклдерінің және/немесе финалдық турнирлерінің матчтарына) қатысқан ойыншылар.

Егер осы тармақшада көрсетілген ойыншы азаматтығының ауысуы себебінен Қазақстан Республикасының құрама командалары сапында өнер көрсету құқығынан айырылса, осы ойыншы автоматты түрде *Түлегі* мәртебесін жоғалтады.

Осы тармақшада көрсетілген ойыншы FIFA немесе Спорттық төрелік сотының (CAS) шешімі бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары сапында өнер көрсету құқығынан айырылған жағдайда, онда оның *Түлегі* мәртебесі Қазақстан Республикасында FIFA/CAS шешімі күнінен кейін ең жақын болатын тіркеу трансферттік кезеңі басталғанға дейін сақталады. Көрсетілген тіркеу трансферлік кезеңінің бірінші күні осы ойыншы *Түлегі* мәртебесінен айырылады;

3.3.2. *Түлегі* ұғымын қабылдаған сәтте (2014 жылғы қараша) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және ҚФФ ойыншылары ретінде тіркелген ойыншылар.

3.4. *Түлегінің* мәртебесін тексеру кезінде футбол клубтары ҚКФЛ талабы бойынша қосымша құжаттарды (Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат, мекенжай анықтамасы, туу туралы куәлік, оқу орындарынан анықтама және т.б.) ұсынуға міндетті.

4 - БАП. БІРІНШІЛІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Біріншілікке тек қана ҚКФЛ мүшелері болып табылатын клубтар, FIFA, UEFA, ҚФФ, ҚКФЛ жарғыларының, регламенттерінің және өзге қағидаларының талаптарын сақтауға және орындауға міндеттенетін және ҚФФ тиісті рұқсатын (сертификатын) алған клубтар ғана қатыса алады.

4.2. Біріншілікке қатысушылардың құрамы мен санын ҚКФЛ ұсынуы бойынша ҚФФ бекітеді.

4.3. Премьер-Лига клубтарының құрылымына кіретін командалар мен Премьер-Лига клубтарының жастар командаларын қоспағанда, 2021 жылғы маусым Біріншілігінде 1-ші және 2-ші орын алған клуб командалары 2022 жылғы OLIMPBET-Маусым чемпионатына қатысу құқығына ие болады.

4.4. Егер 2021 жылғы маусым біріншілігінде 1-ші және/немесе 2-ші орынды Премьер-Лига клубының құрылымына кіретін командалар немесе Премьер-Лига клубтарының жастар командалары иеленсе, 2022 жылғы OLIMPBET-Маусым чемпионатына қатысу құқығын келесі орынға ие болған басқа клубтың командасы алады.

4.5. Премьер-Лига клубтарының құрылымына кіретін командаларды және осы Регламенттің 4.11-тармағында баяндалған мән-жайларды қоспағанда, Біріншіліктің қорытынды кестесінде соңғы орын алған клуб командасы келесі маусымға Біріншіліктен шығады. Егер біріншіліктің қорытынды кестесінде соңғы орынды Премьер-Лига клубының жастар командасы иеленсе, онда ол Біріншіліктен шығады (2022 жылғы маусымдағы Екінші Лига командалары арасындағы Біріншілікке қатысады).

- 4.6. 2021 жылғы маусымның Екінші Лигасының командалары арасындағы Біріншілік конференцияларында 1-ші орын алған командалар 2022 жылғы маусымның Біріншілігіне қатысу құқығына ие болады.
- 4.7. Егер OLIMPBET-чемпионатына қатысушы клуб маусым қорытындысы бойынша OLIMPBET-чемпионатына қатысушылар қатарынан шығып қалса, осы клубтың жастар командасы қорытынды кестеде алған орнына қарамастан, Біріншілікке қатысушылар қатарынан шығып қалады.
- 4.8. Біріншілікке қатысуға ҚКФЛ-да өтінім беру рәсімінен өткен ойыншылар мен клубтың ресми адамдары ғана жіберіледі.
- 4.9. Біріншілікке қатысуға осы Регламенттің 5.8. тармағында көрсетілген ойыншыларды қоспағанда, тек қана «кәсіпқой» мәртебесі бар ойыншылар ғана жіберіледі.
- 4.10. Егер клуб командасы Біріншілікке қатысушылар құрамынан шығарылса, шығарылған команданың орны Біріншілік аяқталғанға дейін бос қалады. Шығарылған команда Біріншіліктің қорытынды кестесінде алған орнына қарамастан Біріншіліктің құрамынан шығады.
- 4.11. Маусым қорытындысы бойынша Біріншілікте өнер көрсету құқығын жеңіп алған және осы құқықтан бас тартқан клубтар ҚФФ Атқару Комитетінің (Атқару Комитеті Бюросының) шешімі бойынша басқа клубтармен ауыстырылуы мүмкін.
- 4.12. Клубтар, Біріншілікке қатысушылар ҚКФЛ-ға ҚКФЛ белгілеген мерзімде өзінің қатысуын жазбаша растауды жіберуге міндетті.
- 4.13. Клубтың атауы мен команданың атауы бірдей болуы керек. Бір клубтың екі және одан да көп командалары әртүрлі лигаларға қатысқан жағдайда клуб пен команданың әртүрлі атануына рұқсат етіледі. Осымен қатар, OLIMPBET-чемпионатта өнер көрсететін клубтың және осы клуб командасының атауы бірдей болуы тиіс.
- 4.14. Біріншіліктің тұрақтылығын және әділ ойын қағидатын сақтау мақсатында бір жеке немесе заңды тұлға бақылайтын (меншігінде болатын) 2 және одан да көп командалардың Біріншілікке бір мезгілде қатысуына жол берілмейді.
- 4.15. Атауы өзгерген жағдайда клуб өзгерістер тіркелген күннен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде ҚКФЛ - ға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 4.15.1. клубтың басшысы қол қойған және клубтың мөрімен расталған, клубтың жаңа атауына байланысты өзгерістер енгізу туралы өтініш;
 - 4.15.2. атауының өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу туралы клубтың басқару органдары шешімінің көшірмесі;
 - 4.15.3 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (болған жағдайда);
 - 4.15.4. өзгертулер мен толықтырулары бар жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 4.15.5. 30 АЕК мөлшерінде нысаналы жарнаны ҚКФЛ-ға аудару туралы төлем тапсырмасы.
- 4.16. Қазақстан Республикасының бір қаласының (елді мекенінің) атынан өнер көрсететін және атауы бірдей клубтардың ҚКФЛ өткізетін жарыстарға бір мезгілде қатысуына жол берілмейді.

4.17. Біріншілікке қатысушы клубтарды қайта ұйымдастыруға ҚФФ мен ҚКФЛ-ның жазбаша рұқсатымен ғана жол беріледі.

4.18. Егер Біріншіліктен шығарылған клуб командасы Біріншілікте матчтардың жартысынан азын өткізсе, онда оның нәтижелері жойылады. Клуб командасы Біріншіліктен шығарылған матчтардың жартысын және/немесе жартысынан көбін өткізген жағдайда, оған қалған матчтардағы жеңілістер есептеледі, ал қарсылас командаларға соғылған және өткізіп алынған доптардың айырмасын өзгертпей жеңіс беріледі.

5 - БАП. БІРІНШІЛІКТІ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

5.1. Біріншіліктің матчтары «әрқайсысы әрқайсысымен» қағидасы бойынша екі айналымда – өз алаңында және қарсылас алаңында өткізіледі.

5.2. Біріншілік матчтарына "А", "В", "С" өтінім парақтарына енгізілген ойыншылар, сондай-ақ осы Регламенттің 5.5, 5.6 және/немесе 5.9 тармақтардың талаптарына сәйкес келетін ойыншылар қатысуға құқылы.

5.3. Біріншіліктің барлық матчы бойы клуб командасының құрамында алаңда 2000 ж.т. үлкен емес, *Түлегі* болып табылатын кемінде екі ойыншы болуы тиіс. Бұл талап Премьер-Лига клубтарының жастар командаларына қолданылмайды.

Егер матч кезінде осы тармақта көрсетілген ойыншыны ауыстыру (оның ішінде ойынды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жарақат алу) қажеттілігі туындаған жағдайда, онда ауыстырылатын футболшы ұсынатын клуб командасы оны осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін ойыншымен ғана ауыстыруға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ауыстыруды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, команда матчты толық емес құрамда жалғастырады.

Осы тармақты бұзғаны үшін санкциялар мынадай жағдайларда қолданылмайды:

5.3.1. егер матч кезінде осы тармақта көрсетілген ойыншы алынып тасталса және осы ойыншы ұсынған команда ойынды толық емес құрамда жалғастырса;

5.3.2. егер осы тармақта көрсетілген ойыншы матч кезінде оған ойынды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жарақат алса және осы регламенттің 5.7-тармағында көзделген ауыстырулар саны таусылса және осы ойыншы ұсынатын команда ойынды толық емес құрамда жалғастырса;

5.3.3. команда құрамында командаға ауыстыру үшін қажет уақыт ішінде осы тармақта көрсетілген ойыншының болмауы.

5.4. Біріншілік матчында әр команданың құрамында бір мезгілде барлық мәлімделген легионер-ойыншылар алаңға шыға алады.

5.5. Біріншілік матчтарын өткізу кезінде матч хаттамасына бір команданың құрамына 11-ден аспайтын негізгі және 12-ден аспайтын қосалқы ойыншы енгізілуі мүмкін. Клуб *Түлегі* болып табылатын және осы клуб құрамында OLIMPBET-чемпионатына қатысу үшін мәлімделген, OLIMPBET-чемпионаты мен Біріншілігінің регламенттерімен қойылатын талаптарды сақтай отырып, Біріншілік матчының хаттамасына 2000 ж. т. жасы үлкен 3-тен артық емес ойыншыны қосуға құқылы.

5.6. Премьер-Лига клубының жастар командасы Біріншілік матчының хаттамасына осы клубтың OLIMPBET-чемпионатының «А» өтініш парағына енгізілген, келесі талаптардың біріне сәйкес келетін 3 ойыншыдан артық емес ойыншыны қосуға құқылы:

5.6.1. 2000 ж. т. үлкен *Түлегі* болып табылатын ойыншы;

5.6.2. тиісті жарыстардың регламенттерінде көзделген талаптарды сақтай отырып, осы клуб командасының құрамында біріншілікке қатысу үшін *Түлегі* болып табылмайтын кез келген ойыншы.

5.7. Біріншіліктің матчы барысында бір команда құрамында матч хаттамасына енгізілген 5 ойыншыдан көп емес ауыстыруларға рұқсат етіледі. Әр команда ауыстыру және/немесе матч үзілісі үшін үштен көп емес ойынды тоқтатуды қолдана алады.

5.8. Біріншілік матчына осы регламентте және жастар біріншілігін өткізу туралы тиісті ережелерде көзделген талаптарды сақтай отырып, «С» өтінім парағына енгізілген ойыншылардың қатысуына жол беріледі.

5.9. *Түлегі* болып табылатын және ҚКФЛ өткізетін жарыстардың біріне қатысу үшін мәлімделген 2000 ж.т. аспайтын кез келген ойыншы осы ойыншы мәлімделген футбол клубы қатысушысы болып табылатын ҚКФЛ-ның басқа жарысына қатыса алады. Осы тармақтың ережесі командалар бір заңды тұлғаның (футбол клубының) құрылымына кірсе және ҚКФЛ жарыстарының регламенттерімен қойылатын барлық өзге де талаптар сақталған жағдайда ғана қолданылады.

5.10. Біріншілік матчына белгіленген тәртіппен рәсімделмеген ойыншы немесе дисквалификацияланған ойыншы немесе матчтарға қатысуға құқығы жоқ ойыншы қатысқан жағдайда клубқа Тәртіптік регламентке сәйкес санкциялар қолданылады. Матчқа қатысу болып ойыншының алаңға санкцияланған шығуы және төрешінің матч хаттамасында осы фактіні тиісті тіркеуі саналады.

5.11. Клуб өкілдері матч басталғанға дейін 75 минут бұрын төрешіге матч хаттамасына толтырылған қосымшаларды ұсынуға міндетті. Хаттамаға қосымшаларға матч басталғанға дейін бас жаттықтырушы (ол болмаған жағдайда бас жаттықтырушының ассистенті) және команда дәрігері қол қояды. Біріншілік матчының хаттамасына қосымшаларды төрешіге ұсынғаннан кейін және осы матч басталғанға дейін кенеттен жарақат алу немесе дененің әлсізденуі себебінен матч хаттамасының қосымшаларына енгізілген ойыншыны (ойыншыларды) ауыстыруға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда негізгі құрамның ойыншысын қосалқы ойыншылардың біріне ауыстыруға болады, ал қосалқы ойыншы тек негізгі және резервтік құрамдарға қосылмаған ойыншыға ауыстырылуы мүмкін. Төреші матчтың хаттамасына осы тармаққа сәйкес жасалған ауыстырулар туралы тиісті жазба енгізуге міндетті. Осы тармаққа сәйкес матч басталғанға дейін жасалған ауыстырулар осы регламенттің 5.7. тармағында көзделген ауыстырулардың жалпы санына әсер етпейді.

5.12. Матчты ұйымдастырушы-клуб матч басталғанға дейін 60 минуттан кешіктірмей (қосымшаларды төрешіге тапсырғаннан кейін) protocol@pflk.kz электрондық мекенжайына Біріншілік матчының хаттамасына қосымшаларды жіберуге міндетті.

5.13. Біріншілік ойындар күнтізбесіне сәйкес өткізіледі. Біріншілік ойындарының күнтізбесін ҚКФЛ келісімі бойынша ҚФФ Атқарушы комитеті бекітеді. Клубтың екі ресми матчының, оның ішінде ҚР ОЛІМПБЕТ-Кубогы матчтарының арасындағы уақыт аралығы кемінде 48 сағатты құрауы тиіс.

5.14. Біріншіліктің матчтары сағат 14:00-ден ерте емес (жазғы кезеңде (маусым-тамыз) сағат 16:00-ден ерте емес) және жергілікті уақыт бойынша сағат 21:00-ден кешіктірілмей басталуы тиіс. Матчтың басталу уақытын Матч ұйымдастырушысы тағайындайды. Біріншіліктің соңғы екі турының матчтарының басталу уақытын ҚКФЛ басшылығы анықтайды.

5.15. Командалар Біріншілік матчы өтетін стадионға матч басталатын белгіленген уақыттан кем дегенде 75 минут бұрын келуге міндетті.

5.16. Команда Біріншілік матчын өткізу орнына форс-мажорлық мән-жайлар бойынша белгіленген басталу уақытына келмеген жағдайда (футбол алаңына шықпау), Матч ұйымдастырушысы матчты сол күні өткізу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауы тиіс. Команданың матч басталатын белгіленген уақытқа келуі мүмкін еместігі туралы клуб матчтың ресми тұлғаларына, қарсылас клубқа және ҚКФЛ басшылығына дереу хабарлауға міндетті. Матч ресми басталған уақыттан бастап бір сағат өткен соң матчтың делегаты немесе инспекторы (олар болмаған кезде төреші) осы матч бойынша шешім қабылдау үшін болған жағдай туралы ҚКФЛ Басшылығына хабарлайды. Өзге жағдайларда, уақтылы келмеу (футбол алаңына матчтың ресми басталған уақытынан бастап бір сағат ішінде шықпау) келмеу ретінде бағаланады. Матчтың делегаты немесе инспекторы мен төрешісі матчты өткізу жөніндегі ресми құжаттарды (хаттама, делегаттың баянаты) толтыруға және оларды ҚКФЛ-ға жіберуге міндетті. Команданың Біріншілік матчына келмегені үшін клуб Тәртіптік регламентке сәйкес санкцияларға ұшырайды және қарсылас клубқа (ұсынылған ресми құжаттар негізінде) қонақ үйдегі орындарды брондауға, көлікке, жол жүру билеттеріне тапсырыс беруге байланысты шығындарды және қарсылас клубтың осы матчты ұйымдастыруға байланысты шеккен өзге де шығындарын өтейді.

5.17. Егер футбол клубы Біріншілік матчына өзінің келмейтіні туралы оны өткізу күніне дейін күнтізбелік 2 күннен кешіктірмейтін мерзімде ҚКФЛ-ға және ТИД-ге хабарлаған жағдайда, осы матчты өткізу жөніндегі ресми құжаттар (хаттама, делегаттың баянаты) толтырылмайды.

5.18. Біріншіліктің толықтай ойналынбаған матчтары қайта ойнатылмайды, бірақ төмендегі жағдайларға сәйкес толық ойнатылады:

5.18.1. егер матч соңына дейін ойналмаса:

5.18.1.1. матчтың ресми тұлғасының пікірінше, ойыншылардың денсаулығы үшін қауіпті форс-мажор жағдайларына байланысты;

5.18.1.2. егер матч кезінде ие-клубтың кінәсінен емес электр жарығының жүйесі істен шыққан жағдайда және матчтың ресми тұлғасы белгілеген уақыт ішінде, бірақ матч тоқтағаннан кейін бір сағаттан аспайтын уақыт ішінде ақаулықты жою мүмкін болмаса;

матч мүмкіндігінше келесі күні тоқтатылғаннан кейінгі келесі минуттан бастап ойнатылуы керек;

5.18.2. ойналып бітпеген матчты тоқтату уақыты матч хаттамасында көрсетілуі керек. Ойынды аяқтауға жеке хаттама жасалады;

5.18.3. ойынды аяқтаудың басталу уақыты Хабар таратушымен келісіледі (телевизиялық көрсетілім жүзеге асырылған жағдайда);

5.18.4. ойынды аяқтау кезінде матчтың ойналынған бөлігінің шоты сақталады;

5.18.5. матчты ойнап аяқтауға тек ойналып бітпеген матч хаттамасына енгізілген ойыншылар қатысады. Медициналық көрсеткіштер (жарақат) бойынша матчты ойнап аяқтауға қатысу мүмкін болмаған жағдайда және ауыстыру лимиті таусылған кезде (осы регламенттің 5.7. тармағы) ойыншы осы матчтың хаттамасына

енгізілген басқа ойыншымен ауыстырылуы мүмкін. Жарақат алу фактісін бас жаттықтырушы (бас жаттықтырушының міндетін атқарушы) және команда дәрігері жазбаша растайды. Медициналық көрсеткіштер бойынша ауыстырылған ойыншы ҚКФЛ Басшылығының шешімі бойынша қосымша медициналық куәландыруға жіберілуі мүмкін. Қосымша медициналық куәландырудан бас тартқан жағдайда немесе медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған жарақат симуляциясы кезінде, осы ойыншы ойын көрсететін клубқа жеңіліс есептеледі;

5.18.6. матчтың ойналынған бөлігінде клубтың ойыншылары мен ресми тұлғаларына қолданылған барлық тәртіптік санкциялар ойынды аяқтау кезінде сақталады.

Матчтың басталу күнін, орнын және уақытын ҚКФЛ Басшылығы анықтайды.

5.19. Келесі себептер бойынша соңына дейін ойналынбаған матч аяқталуға жатпайды:

5.19.1. бір немесе екі команданың ойыншыларының тәртіпсіз мінез-құлқы;

5.19.2. оған үшінші тұлғалардың, соның ішінде жанкүйерлердің араласуы;

5.19.3. бір (немесе екі) команда құрамында 7 ойыншыдан кем алаңға қатысу. Осы матч бойынша шешімді БТК қабылдайды.

5.20. Матч Біріншілік ойындарының күнтізбесінде белгіленген мерзімде өткізілуі керек. Матчты басқа мерзімге (күн немесе сағат) келесі жағдайда ауыстыруға болады:

5.20.1. стадионның техникалық жай-күйі, оның ішінде электр жарығының істен шығуы және бір сағат ішінде ақаулықты жоюдың мүмкін еместігі;

5.20.2. болжау және алдын алу мүмкін емес форс-мажорлық жағдайлар;

5.20.3. метеожағдайлар және матчтың ресми тұлғаларының пікірінше, ойыншылардың денсаулығы үшін қауіпті басқа да себептер бойынша матчты өткізудің мүмкін еместігі;

5.20.4. республикалық теледидарда Біріншілік матчының тікелей көрсетілімі;

5.20.5. клубтың OLIMPBET-ҚР Кубогына қатысуы. Клуб Біріншіліктің күнтізбелік матчын ауыстыру туралы ҚКФЛ-ге жүгінуге құқылы. Ойын туры аясында матчты кейінге ауыстыру туралы ресми өтініш ҚКФЛ-ге Біріншілік ойындарының күнтізбесіне сәйкес матчты өткізу күніне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей келуі керек.

OLIMPBET-ҚР Кубогының кезекті кезеңінің жеребесі тиісті матчқа дейін 10 күнтізбелік күннен аз уақыт бұрын өткізілген жағдайда, осы матчты ауыстыру клубтың жазбаша өтініші бойынша, жеребе өткізілген күннен кейінгі күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін;

5.20.6. осы регламенттің 5.20.1-5.20.5. тармақшаларында көрсетілмеген мән-жайлар бойынша Біріншілік ойындарының күнтізбесіне өзгерістер енгізу. Матчты кейінге қалдыру туралы шешімді ҚКФЛ басшылығы қабылдайды.

Біріншіліктің кейінге ауыстырылған матчының басталу уақыты Хабар таратушымен (телевизиялық трансляция жүзеге асырылған жағдайда) келісіледі.

Ауыстырылған матчты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты барлық шығындарды, соның ішінде ҚФФ мен ҚКФЛ (жіберіп алған пайдадан басқа)

коммерциялық міндеттемелері бойынша матчтың бұзылуына байланысты шеккен барлық шығындарын, қонақ команданың қосымша шығындарын (көлік шығындарын, тұру, тамақтану ақысын төлеу), сондай-ақ төрешілер бригадасының, инспектордың және делегаттың болуына байланысты шығындарды Матч ұйымдастырушысы өтейді. Қонақ клубқа, төрешілер бригадасына, инспекторға және делегатқа шығындарды Матч ұйымдастырушысы олар осы матчты ауыстыру туралы шешім қабылданғанға дейін Біріншілік матчына келген жағдайда ғана өтейді. Клубтардың жол жүруін, тұру орындарын броньдауға, сондай-ақ ауыстырылған матчты ұйымдастыру және оған қатысу жөніндегі өзге де шығыстарды броньдауға байланысты шығыстары өтелуге жатпайды.

Біріншілік матчтарын өткізудің барлық орындалмаған жағдайлары БТК қарауына жатады.

5.21. Матчтың ресми тұлғалары матчтың өтуі үшін барлық мүмкін және қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Осы тұлғалар қабылдайтын шешімдер ҚКФЛ басшылығымен келісілуі тиіс.

5.22. Егер матчты өткізудің немесе ойынның аяқталуының мүмкін еместігіне әкеп соққан мән-жайлар матчтың белгіленген басталу уақытынан кейін 24 сағат ішінде жойыла алмаса, онда матч басқа күнге ауыстырылуы мүмкін.

5.23. Матчты қайта ойнату тек БТК шешімі бойынша мүмкін.

5.24. Матч ұйымдастырушысы Біріншілік матчын дайындау және өткізу кезінде қажетті төменде келтірілген жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті:

5.24.1. вокзалдан (әуежайдан) қонақ үйге дейін және кері, стадионға және кері жол жүру үшін матчтың ресми тұлғаларына автокөлік;

5.24.2. полиция қызметкерлерін тарта отырып, қоғамдық тәртіпті сақтау;

5.24.3. Біріншілік матчын өткізу кезінде (үзілістен басқа) футбол алаңына тікелей іргелес аймақтарда ұйымдастырылған шуды (оркестрлердің, әртістердің өнер көрсетуі және т. б.) болдырмау;

5.24.4. төрешілер бригадасын полиция күшімен немесе стадион аумағында жеке күзет құрылымдарымен бірге алып жүру. Қонақ-клубтың жазбаша өтініші бойынша немесе матч инспекторының талап етуі бойынша қонақ-команданың автобусын полицияның алып жүру машинасымен қамтамасыз ету, сондай-ақ матч өткізілетін елді мекенде болған уақытта матчтың ресми тұлғаларының тұрақты күзетін қамтамасыз ету. Матчтың ресми тұлғаларын матчқа қатысушылар командаларының тұратын жерлерінде (қонақ үйлерінде) орналастыруға жол берілмейді. Матчтың делегаты, инспекторы және төрешісі қонақ үйде тұру үшін бір орындық нөмірлермен қамтамасыз етілуі керек;

5.24.5. матч басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей және бүкіл матч бойы медициналық персоналмен және барлық қажетті реанимациялық жабдықпен (дефибрилятор мен өкпені жасанды желдету аппаратының болуы міндетті) жабдықталған жедел медициналық көмек машинасының (реанимобиль) болуы. Реанимобиль стадионнан барлық көрермендер, командалар мен ресми тұлғалар кеткеннен кейін ғана кетеді. Реанимобиль стадионға келмеген жағдайда матч өткізуге тыйым салынады;

5.24.6. матч басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей және бүкіл матч бойы өрт сөндіру құралдары мен жауынгерлік есебі бар өрт сөндіру машинасының болуы. Өрт сөндіру машинасы стадионнан барлық көрермендер кеткеннен кейін ғана кетеді;

5.24.7. ойыншыларды ауыстыруды жүргізу үшін жарамды электрондық табло;

5.24.8. эвакуациялық машинада немесе санитарлық зембілдері бар қызмет көрсетуші персоналдың болуы (саны 4 адамнан кем емес);

5.24.9. аккредиттелген фотожурналистерге және Хабар таратушының өкілдеріне арналған арнайы кеудешелер;

5.24.10. ойыншылар мен матчтың ресми тұлғалары үшін сусындар мен жемістер, матч инспекторы (делегаты) анықтаған мөлшерде;

5.24.11. матч өткізу үшін ҚКФЛ ресми доптары (5.42т. сәйкес) 8 дана көлемінде;

5.24.12. ойнайтын командалар мен төрешілерден түсі бойынша ерекшеленетін спорттық киім киген, доп беруге арналған жас ойыншылар тобы (саны 10 адамнан кем емес);

5.24.13. төрешілер бөлмесінде бөгде адамдардың болуын болғызбау. Төрешілер бөлмесінде матчқа қызмет көрсететін төрешілер, делегат және матч инспекторы ғана болуға құқылы. Ойнайтын командалардың ресми тұлғалары матч аяқталғаннан кейін және инспектордың рұқсатымен ғана төрешілер бөлмесіне кіріп, төрешілерге жүгіне алады;

5.24.14. осы регламенттің 9.3. тармағында көрсетілген құжаттардың болуын қамтамасыз ету;

5.24.15. аяқталған матчтың қорытындысы бойынша жедел ақпарат беру үшін инспекторды (делегатты) және төрешіні ҚКФЛ-мен байланыс құралдарымен қамтамасыз ету;

5.24.16. ҚКФЛ титулдық демеушісі (серіктесі) туралы ақпарат қосылуы мүмкін ҚКФЛ эмблемасы бар диаметрі 18,3м баннерді ойын алаңының орталық шеңберіне өз күштерімен шығаруды қамтамасыз ету. ҚКФЛ клубқа мұндай баннерді ұсынбаған жағдайда, клуб орталық шеңберге клуб демеушілерінің (серіктестерінің) жарнамалық және ақпараттық материалдарын баннерге қоспай, клубтың эмблемасы бар баннерді шығаруға құқылы.

5.25. Матч ұйымдастырушысы клуб-қонаққа келесіні тегін ұсынады:

5.25.1. команданың вокзалдан (әуежайдан) қонақ үйге бару және кері қайту, жаттығу күндері – қонақ үйден стадионға және кері қайту, ойын күндері – стадионға және кері қайту жолы үшін «люкс» класты жайлы автобус (сыйымдылығы 50 отыратын орыннан кем емес);

5.25.2. багажды тасымалдауға арналған автокөлік (сұрау бойынша);

5.25.3. матчтың ресми тұлғаларына, жаттықтырушылар құрамына және клуб-қонақтың техникалық персоналына стадионда матчқа дейін, кезінде және одан кейін орын ауыстыру үшін аккредиттеулер. Жаттықтырушылар құрамы мен

техникалық персоналға аккредиттеу Біріншілікке қатысушылардың куәліктері негізінде беріледі;

5.25.4. матч алдындағы жаттығу өткізу үшін:

5.25.4.1. ұзақтығы бір сағатқа дейінгі Біріншілік матчы өткізілетін қажетті жабдықтары бар футбол алаңы. Қонақ-клуб матч алдындағы жаттығуды өткізу үшін басқа уақытты таңдаған жағдайларды қоспағанда, жаттығу матчтың ойын уақытында оны өткізу күні қарсаңында берілуі тиіс;

5.25.4.2. 10 данадан кем емес ҚКФЛ ресми доптары (5.42т. сәйкес);

5.25.4.3. 20 литрден кем емес газдалмаған ауыз су;

5.25.4.4. 20-дан кем емес сүлгі.

5.26. Клубтардың өз website (интернет сайты), e-mail (Интернет желісіндегі электрондық пошта жәшігі), телефоны болуы міндетті. Интернет сайт мемлекеттік және орыс тілдерінде жұмыс істеуі тиіс.

5.27. Матчты ұйымдастырушының баспасөз қызметі Біріншіліктің әрбір матчы аяқталғаннан кейін 24 сағат ішінде клубтың ресми интернет сайтында пресс-релизді (репортаж), сондай-ақ өткізілген матчтан сапалы түрлі-түсті фотосуреттерді орналастыруға міндетті.

5.28. Матч ұйымдастырушысы Біріншіліктің әрбір матчын (Full HD форматында) жазуға міндетті. Матч ұйымдастырушысы осы регламентке №1 қосымшада көрсетілген схемаға сәйкес орналасқан кемінде 2 түрлі камерадан матчтар түсірілімін жүргізуге міндетті. Матч ұйымдастырушысы Біріншілік матчын өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 күн ішінде осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келетін осы матчтың жазбасын ҚКФЛ ұсынған файлдарды сақтау серверіне (бұлтқа) жүктеуге міндетті. Таймер белгіленуі бар матчтың жазбасы үздіксіз және айқын болуы керек. Матчтың жазбасында командалардың алаңға шығуынан бастап командалар мен төрешілердің алаңнан кетуіне дейінгі барлық матч (соның ішінде футбол алаңында және стадион стендтерінде қоғамдық тәртіпті бұзу жағдайлары, ойын үзілген кезде) жазылуы керек. Матч ұйымдастырушысы қонақтар командасына жазуды жүзеге асыру үшін техникалық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті, ал матч аяқталғаннан кейін 2 сағат ішінде инспекторға өткен матчтың жазбасын ұсынуға міндетті.

5.29. Матч ұйымдастырушысы Біріншілік матчын өткізу күніне дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей ҚКФЛ Басшылығы мен қонақ клубына оның басталу уақыты және ойын формасының таңдалған түсі (қақпашының формасын қоса) туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5.30. Қонақ-клуб өзі келгенге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде Матч ұйымдастырушысына және ҚКФЛ Басшылығына келу және кету күнін, уақытын, команда санын, жаттығу уақытын, келетін ұйымдастырылған жанкүйерлердің санын және ойын формасының таңдалған түсін (қақпашының формасын қоса) жазбаша хабарлауға міндетті. Қонақ клубтың ойын формасы Матч ұйымдастырушысы таңдаған ойын формасынан түсі мен контрасты бойынша айтарлықтай ерекшеленуі керек (оның ішінде гетры мен шолақ шалбар). Келу және кету күні туралы уақтылы хабарламаған жағдайда, орналастыруға байланысты шағымдар қабылданбайды. Қабылдауды ұйымдастыру бойынша шағымдар туындаған кезде қонақ клубтың уәкілетті өкілі бұл туралы ҚКФЛ Басшылығына жазбаша түрде хабарлайды.

5.31. Матч ұйымдастырушысы ҚКФЛ Басшылығының талабы бойынша ҚКФЛ өткізетін жарыстардың демеушілері туралы жарнамалық қалқандарды, материалдар мен ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

5.32. Матчқа қатысатын командалардың өкілдері (қауіпсіздік жөніндегі қызметкер, жанкүйерлермен жұмыс жөніндегі қызметкер, команда бастығы немесе спорт директоры, әкімші) делегат немесе инспектор, ал олар болмаған кезде төреші өткізетін ұйымдастыру жиналысына қатысуға және аталған адамдардың матчты ұйымдастыру жөніндегі өкімдерін орындауға міндетті. Кеңес қашықтық форматта ұйымдастырылуы тиіс, кеңесті ұйымдастыруға матчты ұйымдастырушы клуб жауапты болады.

5.33. Клубтар Біріншілікті өткізуге байланысты ҚФФ және ҚКФЛ құқықтарын (демеушілер мен серіктестердің логотиптері бар жарнама қалқандарын орналастыру, ҚФФ, ҚКФЛ ресми сайттарын жарнамалық мақсатта пайдалану және т.б.) жазбаша келісімінсіз жүзеге асыруға құқылы емес.

5.34. Матчты ұйымдастырушы БАҚ-ты Біріншілік матчтарына аккредиттеуді (матчтың телевизиялық трансляциясы кезінде Хабар таратушы беретін телевизиялық аккредиттеуден басқа) жүргізуге міндетті.

5.35. Матч ұйымдастырушысы Біріншіліктің матч аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде ҚКФЛ-ға матч хаттамасының көшірмесін электронды пошта арқылы (сканерленген нұсқасы) тапсыруға міндетті.

5.36. Матч кезінде Ойын ережелеріне сәйкес белгіленген техникалық аймақта орналасқан арнайы бөлінген орындарда клубтың «А1» өтінім парағына мәлімделген ресми тұлғаларының болуға құқығы бар. Техникалық аймақ белгілеумен көрсетілген және қосалқы ойыншылар орындығынан оң және сол жағына бір метрден, және футбол алаңының бүйір сызығына дейін бір метрден жақын емес кеңістікті қамтуы тиіс. Матч кезінде техникалық аймақта бір мезгілде болатын клубтың ресми тұлғаларының жалпы саны 7 адамнан аспауы тиіс. Матч ішінде техникалық аймақ шегінде матч хаттамасына енгізілмеген адамдардың және ойыннан алыстатылған ойыншылардың болуына жол берілмейді.

5.37. Ойын кезінде клуб басшылығы тарапынан команданың, ойыншылардың, жаттықтырушылар құрамының іс-әрекетіне араласуға, оның ішінде жағымсыз реакция тудыруға қабілетті мінез-құлықты көрсетуге жол берілмейді.

5.38. Біріншілік матчының хаттамасына енгізілген қосалқы ойыншылардың жаттығу орнын, сондай-ақ команда өкілдерінің бірінің (физиотерапевт, дәрігер, массажист немесе дене шынықтыру даярлығы бойынша жаттықтырушы) шынықтыруға қатысуын төреші немесе инспектор ұйымдастыру жиналысында айқындайды.

5.39. Біріншілік матч кезінде командалардың қақпасының артында тек тиісті аккредитация алған операторлар мен фототілшілер және доп беретін жас ойыншылар ғана тұра алады

5.40. Клубтардың бас жаттықтырушылары (бас жаттықтырушылардың м.а.) матчтан кейінгі баспасөз конференциясына оны ұйымдастырушы клуб өткізген жағдайда қатысуға міндетті.

5.41. Матч басталар алдында екі команданың ойыншылары (негізгі құрам, 11 адамнан), төреші мен төрешілердің көмекшілері футбол алаңының бүйір сызығы бойымен

(ортасында, стадионның негізгі трибунасына жақын) сапқа тұрады.

5.42. Біріншіліктің барлық матчтары тек ҚКФЛ-дың ресми добымен өткізіледі, оны ҚКФЛ-дың Жалпы жиналысы бекітеді.

5.43. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Біріншілік матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер әрекет етуі мүмкін. Қосымша шарттардың және/немесе шектеулердің тізбесі осы регламенттің ажырамас бөлігі болып табылатын Матчтарды өткізу жөніндегі хаттамада көрсетіледі.

6 - БАП.

БІРІНШІЛІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН КЕРЕК-ЖАРАҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ

6.1. Ойыншының футболкасында ҚКФЛ эмблемасы (оң жеңінде) және футболканың артқы жағында (ортасында) орналасқан жеке нөмірі болуы керек. Футболкадағы ойыншының нөмірі ойыншының өтініш парағында және матч хаттамасында көрсетілген нөмірмен бірдей болуы керек. Бір клубта бір ойыншының әртүрлі нөмірлерді пайдалануына және бір уақытта әр түрлі ойыншылардың бір нөмірді пайдалануына жол берілмейді.

6.2. Футболкадағы нөмірдің биіктігі – 25-35 см. Нөмір штрихының ені (сандар) – 3-5 см. Жолақты футболкаларда нөмірлер түсі футболканың түсінен ерекшеленетін тіктөртбұрышқа орналастырылады.

6.3. Футболканың артында, жоғарғы бөлігінде, ойыншының нөмірінің үстінде міндетті түрде оның мемлекеттік тілде орындалған тегі орналасуы тиіс. Әріптердің биіктігі 7,5 см-ден аспайды, Әріптер баспа немесе кіші болуы мүмкін. ҚКФЛ басшылығының жазбаша рұқсатымен «түлегілер» болып табылмайтын ойыншылар үшін атты немесе «лақап атты» орналастыруға рұқсат етіледі.

6.4. Спорттық шолақ шалбардың алдыңғы жағында (кез-келген балағында, кез-келген жерде) команда ойыншыларында футболкадағы нөмірге сәйкес келетін нөмір болуы керек (нөмірдің биіктігі 10-15 см).

6.5. Ойыншының нөмірін гетрге салуға жол берілмейді.

6.6. Ойыншының нөмірі «1»-ден «99»-ға дейінгі ауқымда болуы тиіс. «1» нөмірі қақпашыға ғана берілуі мүмкін

6.7. Көлемі 100 шаршы см-ден аспайтын клубтың эмблемасы (ресми түрде тіркелген) ойыншының футболкасының алдыңғы жағында сол жақ жоғарғы бөлігінде орналастырылуы тиіс. Клубтың эмблемасы ойыншының шолақ шалбарының кез-келген балағының алдыңғы жағында және әр гетрада болуы мүмкін. Клуб эмблемасының шолақ шалбардағы және гетредегі өлшемі 50 шаршы см-ден аспауы тиіс.

6.8. Ойын формасында клуб демеушілерінің жарнамасын орналастыруға жол беріледі. Жарнаманы орналастыру орындары міндетті түрде ҚКФЛ Басшылығымен жазбаша түрде келісілуі тиіс.

6.9. Қақпашының формасы түсі бойынша команда ойыншылары мен төрешілердің формасынан өзгеше болуы керек.

6.10. Ойыншылар матчтарды қалқандарда өткізуге міндетті.

6.11. Спорттық панталондар немесе шолақ дамбал ойыншылар киетін спорттық шолақ шалбармен бірдей (негізгі) түсті болуы керек және тізенің жоғарғы жағына дейін жетпеуі керек.

6.12. Біріншілік матчтары кезінде төрешімен келісім бойынша ойыншылардың деректерін бақылау жүйесін (арнайы датчиктерді – дәлдігі жоғары GPS трекерлерді бекітуге арналған манишкалар) пайдалануға рұқсат етіледі. Егер жабдық ойыншылардың денсаулығына қауіп төндіреді деп санаса, төреші жүйені пайдалануға тыйым салуға құқылы.

6.13. Спорттық жабдықтауы Ойын ережелері мен осы баптың талаптарына сәйкес келмейтін ойыншылар матчқа жіберілмейді.

6.14. Біріншілікке қатысу үшін командалар қарама-қарсы түстерде орындалған екі форманы мәлімдейді: негізгі және қосалқы. Форманы таңдағанда артықшылық Матч ұйымдастырушысына беріледі.

7 – БАП.

БІРІНШІЛІК МАТЧТАРЫНА ТӨРЕШІЛІК ЕТУ

7.1. Біріншілік матчтарына төрешілік ету Ойын ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Біріншілік матчтарына төрешілік етуге жіберілген төрешілердің тізімін ҚФФ төрешілер комитеті ТИД ұсынысы бойынша бекітеді. Біріншіліктің жекелеген матчтарына шетелдік төрешілерді тағайындауға жол беріледі.

7.3. Төрешілерді Біріншілік матчтарына тағайындауды ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы жүзеге асырады.

7.4. Біріншілік матчтарына тағайындалған төрешілерді ауыстыру туралы өтініштер қабылданбайды.

7.5. Төрешілер Біріншілік матчы өткізу күніне дейін күнтізбелік 3 күн бұрын Матч ұйымдастырушысына өзінің келу уақыты туралы, сондай-ақ кері жол жүру құжаттарын брондау туралы хабарлауға міндетті.

7.6. Төрешілер матч өткізілетін қалаға (елді мекенге) оны өткізу күні қарсаңында келуге міндетті.

7.7. Төреші матчқа келмеген жағдайда, матчқа ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы тағайындаған төреші қызмет көрсетеді.

7.8. Матчқа барлық төрешілер бригадасы келмеген жағдайда, ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясының тағайындауы бойынша матчқа өңірлік төрешілер алқасының неғұрлым білікті төрешілері қызмет көрсетеді.

7.9. Біріншілік матчы өтетін күні сағат 10.00-ден кешіктірмей (жергілікті уақыт бойынша) инспектор (делегат), төреші /немесе оның көмекшілерінің бірі стадионға оның матчқа дайындығын тексеру үшін келуге міндетті. Стадионды, футбол алаңын, мінбе астындағы бөлмелерді қарап шыққаннан кейін төреші (ассистент) делегатпен немесе инспектормен (олар болмаған жағдайда – өз бетінше) бірлесіп қатысушы командалардың, стадион әкімшілігінің, құқық қорғау органдарының, медициналық және өртке қарсы қызметтердің, өңірлік футбол федерациясының өкілдерімен қашықтық форматта ұйымдастыру кеңесін өткізуге міндетті. Ұйымдастырушы клуб техникалық жағдайларды

және барлық көрсетілген қызметтер өкілдерінің ұйымдастыру кеңесіне қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

7.10. Матч басталғанға дейін (кемінде бір сағат бұрын) төреші инспектормен (делегатпен) бірге футбол алаңын қарап, оның сапасын бес баллдық жүйе бойынша және матчты өткізуге жарамдылығын бағалауы тиіс.

7.11. Төреші (инспектор мен делегат болмаған кезде) стадионның және тиісті қызметтердің матч өткізуге дайындығын, сондай-ақ осы регламенттің 9.3. тармағында көрсетілген құжаттардың болуын тексеруге міндетті. Аталған құжаттар болмаған немесе осы регламентте айқындалған талаптар орындалмаған жағдайда, төреші бұл туралы ҚКФЛ-ға дереу хабарлауға және өңірлік футбол федерациясын хабардар етуге міндетті.

7.12. Төрешінің матч хаттамасының қосымшаларына енгізілген тұлғаларды сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқығы бар. Резервтік төреші техникалық аймақта және клуб қызметкерлері үшін арналған орында бөгде адамдардың болуына да жауапты болады.

7.13. Ұйымдастыру кеңесінде төреші, кездесетін командалардың өкілдерімен бірлесіп, ерекшеленетін командалардың формаларының түстерін бекітуге міндетті.

7.14. Матч аяқталғаннан кейін төреші бір сағат ішінде матчтың хаттамасын рәсімдеуге міндетті. Матч хаттамасының көшірмесін резервтік төреші командаларға беруге міндетті. Егер матч өткізу кезінде ойыншылардың ескертулері, жойылуы, жарақаттануы, сондай-ақ стадионда тәртіп бұзушылық орын алса, төреші бұл туралы хаттамаға толық жазба енгізуге міндетті.

7.15. Клуб қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға Біріншілік матчтарын төрешілік етуге тыйым салынады.

8 – БАП. БІРІНШІЛІК МАТЧТАРЫН ТЕКСЕРУ

8.1. Біріншілік матчтарын инспекциялауды регламенттеуші құжаттарға сәйкес инспекторлар жүзеге асырады.

8.2. Біріншілік матчтарын инспекциялауға жіберілген инспекторлардың тізімін ТИД ұсынымы бойынша ҚФФ Төрешілер комитеті бекітеді.

8.3. Инспекторларды Біріншілік матчтарына тағайындауды ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы жүзеге асырады.

8.4. Матчтарға тағайындалған инспекторларды ауыстыру туралы өтініштер қабылданбайды.

8.5. Матчқа тағайындалған инспектор Біріншілік матчын өткізу күніне дейін күнтізбелік 3 күн бұрын Матч ұйымдастырушысына өзінің келген уақыты туралы, сондай-ақ жол жүру құжаттарын брондау туралы хабарлауға міндетті.

8.6. Тағайындалған инспектор матч өткізілетін күннің қарсаңында матч өткізілетін қалаға (елді мекенге) келуге міндетті.

8.7. Инспектор матч өтетін жерге келгеннен кейін Матчты ұйымдастырушының басшылығымен алдағы матчты ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешуі керек.

Біріншілік матчты өтетін күні сағат 10.00-ден кешіктірмей (жергілікті уақыт бойынша) инспектор төрешімен және/немесе оның ассистенттерінің бірімен бірге стадионға оның матч өткізуге дайындығын тексеру үшін келуге және осы регламенттің 9.3. тармағында көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ ҚКФЛ-мен қажетті байланыс құралдарының бар-жоғына көз жеткізуге міндетті. Стадионды, футбол алаңын, мінбе астындағы бөлмелерді қарап, құжаттарды тексергеннен кейін инспектор қатысушы командалардың, стадион әкімшілігінің, құқық қорғау органдарының, медициналық және өртке қарсы қызметтердің, өңірлік футбол федерациясының өкілдерімен қашықтық форматта ұйымдастыру кеңесін өткізуге міндетті. Ұйымдастырушы-клуб техникалық жағдайларды және барлық көрсетілген қызметтер өкілдерінің ұйымдастыру кеңесіне қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

8.8. Егер стадион алаңы ҚКФЛ талаптарына сәйкес жарнамалық материалдармен жабдықталмаса, инспектор Біріншілік матчын өткізуге құқылы емес.

8.9. Инспектор Матч ұйымдастырушысының осы регламенттің 5.28-тармағының талаптарына сәйкес матчтың жазылуын өткізуге дайындығын тексеруге міндетті, және қонақ-клубқа (қажет болған жағдайда) оны өткізуге жәрдем көрсетуі тиіс.

8.10. Инспектор төрешілік сапасын бағалау мақсатында матчтың жазбасын көру үшін пайдалануға құқылы.

8.11. Біріншілік матчтың делегат тағайындалған жағдайда 8.7., 8.8. және 8.9. тармақтарда көзделген инспектордың міндеттерін матчқа тағайындалған делегат орындайды.

8.12. Клубтардың қызметкерлері болып табылатын адамдарға Біріншілік матчтарын инспекциялауға тыйым салынады.

9 – БАП . БІРІНШІЛІК ӨТЕТІН ЖЕРЛЕР

9.1. Біріншілік клубтар мәлімдеген және Біріншілікті өткізуге рұқсат етілген стадиондарда өткізіледі. Біріншілік матчтарын өткізу үшін спорт ғимаратына рұқсат беруді ҚФФ Лицензиялау (сертификаттау) және аттестаттау департаменті жүзеге асырады. Клуб стадион мен футбол алаңының жай-күйіне, сондай-ақ стадионның пайдаланылатын жарнамалық кеңістігіне (ойын алаңының айналасындағы жарнамалық қалқандар мен баннерлер) қатысты ҚФФ мен ҚКФЛ қоятын барлық ұйғарымдар мен талаптарды орындауы тиіс.

9.2. Біріншілік матчтары футбол клубтары «негізгі стадиондар» деп мәлімдеген спорт ғимараттарында өткізілуі керек. Ерекше жағдайларда Біріншілік ойындарының күнтізбесінде қарастырылған матчтар футбол клубтары «қосалқы стадиондар» деп мәлімдеген спорт ғимараттарында өткізілуі мүмкін. Тиісті рұқсат алу үшін клуб ҚКФЛ-ға алдағы матчқа дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей ресми сұрау жіберуі керек.

9.3. Стадионның және тиісті қызметтердің маусым ішінде Біріншіліктің әрбір матчын өткізуге дайындығын инспектор немесе матч делегаты (олар болмаған жағдайда - матч төрешісі) техникалық кеңестің қорытындыларын ескере отырып және келесі құжаттар негізінде растайды:

9.3.1. стадионның тиісті қызметтерінің матч өткізуге дайындық актісі;

9.3.2. матчты өткізу мүмкіндігі туралы түпкілікті шешім қабылдау хаттамасы (қажет болған жағдайда).

9.4. Біріншілік матчтары өтетін стадион «Стадиондар инфрақұрылымы бойынша ҚФФ регламентінің» барлық талаптарына сәйкес болуы тиіс, оның ішінде келесі бар болуы тиіс:

- 9.4.1. матч қатысушыларының стадионға қауіпсіз өтуі және кіруі;
- 9.4.2. Ойын ережелеріне сәйкес келетін футбол алаңы;
- 9.4.3. оңай орнатуға болатын қосалқы қақпалар;
- 9.4.4. футбол алаңының бүкіл периметрі бойынша жарнамалық қалқандық құрылымдар;
- 9.4.5. ақпараттық табло, онда ең болмағанда қатысушы командалардың атауы және матчтың шоты көрсетілуге тиіс;
- 9.4.6. жеке орындықтармен жабдықталған көрермендер орындары;
- 9.4.7. мүмкіндігі шектеулі көрермендерге арналған құрылыстар;
- 9.4.8. қонақ-клубтың ресми тұлғалары мен өкілдері (демеушілер, серіктестер және т.б.) үшін кемінде 20 тегін көрермен орындары, олардың кемінде екеуі құрметті қонақтарға арналған орындарда (VIP, бас жожа) ұсынылуы тиіс (бас ложаның сыйымдылығына байланысты қонақ-клубқа бір орын ұсынуға жол беріледі);
- 9.4.9. қонақ-клубтың жанкүйерлері үшін жеке қорғалатын сектор (секторлар). Бөлінетін сектордың (секторлардың) сыйымдылығы стадионның жалпы сыйымдылығынан кемінде 5% құрауы тиіс;
- 9.4.10. БАҚ өкілдеріне арналған жабдықталған орындар (ложалар);
- 9.4.11. ойыншыларға арналған киім ауыстыратын бөлмелер;
- 9.4.12. ҚФФ-ның қолданыстағы инфрақұрылымдық өлшемшарттарына сәйкес келетін, қажетті құрал-жабдықтармен (допты өлшеуге арналған таразылар, желідегі судьяларға арналған жалаушалар жиынтығы) және құжаттамамен (матч хаттамасының бланкісі, ұйымдастыру кеңесін өткізу бланкісі және резервтік төрешіге арналған алмастыру карточкаларымен) жабдықталған төрешілерге арналған киім ауыстыратын бөлме;
- 9.4.13. алғашқы медициналық көмек пункті;
- 9.4.14. инспекторға (делегатқа) арналған бөлме;
- 9.4.15. нысан мен мазмұн бойынша міндетті түрде жарнамалық құрылымы бар ҚКФЛ Басшылығы бекіткен матчтан кейінгі баспасөз конференцияларын өткізуге арналған жабдықталған бөлме;
- 9.4.16. ойыншылардың, төрешілердің, ресми тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін футбол алаңына (жерасты немесе өзге тоннель болмаған кезде) телескоптық қорғаныш шығу;
- 9.4.17. техникалық аймақ шегінде, әр команда үшін сыйымдылығы кемінде 19 орын болатын, клубтың ресми тұлғалары мен қосалқы ойыншыларына арналған орындар, олар көрермендерге футбол алаңын шолуға кедергі келтірмеуі тиіс;
- 9.4.18. клубтың ресми тұлғалары мен қосалқы ойыншыларға арналған орындардың үстіндегі қорғаныс шатыры;
- 9.4.19. инспектор мен матч делегатына арналған мінбеде жабдықталған орын (үстел, орындық, шатыр);
- 9.4.20. Біріншілік матчтарының түсірілімін өткізуге арналған орындар;
- 9.4.21. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы және ҚКФЛ туы (ҚКФЛ ұсынады) бар тутұғырлар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туының көлемі 1,5x3 м болуы тиіс;
- 9.4.22. қорғаныс шатыры бар резервтік төреші үшін жабдықталған орын;
- 9.4.23. осы регламенттің 15-бабының ережелеріне сәйкес Біріншілік матчтарының интернет түсірілімін өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар.

9.5. Біріншілік матчты «қосалқы стадионда» өткізілген жағдайда осы регламенттің 9.4.15. және 9.4.18. тармақшаларын қоспағанда, осы регламенттің 9.4-тармағында қарастырылған барлық талаптар сақталуы тиіс.

9.6. ҚФФ, FIFA және UEFA-ның оларды пайдалану жөніндегі барлық шарттары мен талаптары орындалған кезде Біріншілік матчтарын жасанды жабыны бар алаңдарда өткізуге жол беріледі.

9.7. Стадионның футбол алаңының (көгалдың) сапасын бақылауды Сертификаттау және алаңдарда жарыстарды өткізуге рұқсат беру жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

10 - БАП. ӨТІНІМ ҚҰЖАТТАМАСЫ

10.1. ҚКФЛ-да өтінім құжаттамасын рәсімдеу KFF Connect тіркеу жүйесін пайдалану жолымен жүргізіледі. Әрбір клуб кем дегенде бір қызметкерге KFF Connect жүйесіне рұқсат алуға міндетті. KFF Connect жүйесіне рұқсат алған клуб қызметкері жүйеде жұмыс істеу үшін жеке құпиясөз алады және жүйеге берілетін ақпарат үшін жеке жауапты болады.

10.2. Премьер-Лига клубтарының жастар командалары үшін өтінім құжаттамасын рәсімдеу «2021 жылғы маусымның Премьер-Лига клубтарының арасындағы Қазақстан Республикасы ОЛИМПБЕТ-Чемпионатының регламенті» («В» өтінім парағы) талаптарының негізінде жүргізіледі.

10.3. Өтінім құжаттамасын рәсімдеу кезінде ҚКФЛ-ға төмендегілер қарамағына беріледі:

10.3.1. Біріншілікке қатысушының өтініші (reg@pflk.kz электронды мекен-жайына жолдау арқылы);

10.3.2. клубының атынан қаржылық және өкімдік құжаттарға қол қоюға құқығы бар тұлғалардың тізімі (қол қою үлгілерін ұсына отырып) (reg@pflk.kz электронды мекен-жайына жолдау арқылы);

10.3.3. клубтың заңды және нақты мекенжайлары мен банктік деректемелері (reg@pflk.kz электронды мекен-жайына жолдау арқылы);

10.3.4. клуб сертификаты (reg@pflk.kz электронды мекен-жайына жолдау арқылы);

10.3.5. өтінім парақтарына енгізілген клубтың барлық ойыншылары мен ресми тұлғаларының еңбек шарттары (барлық толықтыруларымен, өзгертулерімен және қосымшаларымен), олар әр бетіне қол қойылып, тігіліп, мөрмен расталуы тиіс, KFF Connect жүйесіне жүктеледі. Егер қолданыстағы еңбек шарты ҚКФЛ-де тіркеуден өткен болса, клуб осы еңбек шартының көшірмесін ұсынады (KFF Connect жүйесіне жүктейді). Еңбек шарттарының түпнұсқаларын (үш данада) тіркеу ҚКФЛ-де трансферлік тіркеу кезеңі жабылғаннан кейін 30 күн ішінде жүргізіледі;

10.3.6. «А1» өтінім парағына енгізілген әрбір жаттықтырушыға арналған лицензиялар (сертификаттар) KFF Connect жүйесіне жүктеледі. Жаттықтырушы ретінде тек Қазақстан Республикасының азаматы немесе Еуразиялық экономикалық одаққа (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы) мүше болып табылатын елдердің бірінің азаматы мәлімделуі (тіркелуі) мүмкін. Клубтың бас бапкері «PRO» санатының бапкерлік лицензиясына ие болуы керек. Басқа конфедерацияның бапкерлік лицензиясы ҚКФ-ға тиісті хатпен расталуы керек;

10.3.7. ойыншының ауысуын растайтын келесі құжаттардың бірі: аударым шарты, жалдау шарты, ойыншының ауысуын растау, өтемақы туралы келісім-шарт TMS FIFA трансфер жүйесіне жүктеледі. Осы құжаттардың түпнұсқаларын тіркеу (3 немесе 4 (жалға алу кезінде) данада) ҚКФЛ-де трансферлік тіркеу кезеңі

жабылғаннан кейін 30 күн ішінде жүргізіледі. Егер клуб құжатты шет тілінде ұсынса, онда құжатқа оның қазақ немесе орыс тіліндегі нотариалды аудармасы қоса берілуі тиіс. Ойыншының халықаралық ауысуын тіркеу кезінде халықаралық трансферлік сертификат беріледі, ол KFF Connect жүйесіне жүктеледі. Өтінім сәтінде халықаралық трансферлік сертификат болмаған жағдайда (трансферлік тіркеу кезеңінің мерзімі өткенге дейін TMS FIFA жүйесінде оны беруге сұрау салуды жүзеге асырған жағдайда) ойыншының шартты өтініміне (халықаралық трансферлік сертификатты алғанға дейін ресми матчтарға қатысу құқығынсыз) жол беріледі. Бұл жағдайда клуб ойыншыны KFF Connect жүйесінде тіркеуді ойыншыны ауыстыруға халықаралық трансферлік сертификатты алғаннан кейін жүргізеді;

10.3.8. DTMF FIFA жүйесі арқылы алынатын ішкі аударым сертификаты KFF Connect жүйесіне жүктеледі. Клубтар KFF Connect жүйесі арқылы ойыншының өтінімі кезінде берілетін ішкі трансферттік сертификатты алу мақсатында DTMS FIFA жүйесінде ойыншының ішкі ауысу процесін (Қазақстан Республикасының клубтары арасында) көрсетуге міндетті.

10.3.9. клубтың мөрімен расталған клубтың ойыншылары мен ресми тұлғаларының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – паспорттың және жеке куәліктің көшірмелері) KFF Connect жүйесіне жүктеледі. Құжаттардың түпнұсқаларын ҚКФЛ қосымша талап ете алады;

10.3.10. осы регламенттің 3.3.2 тармағының анықтамасына жататын және 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020 ж. ж. маусымдарда Чемпионатқа және Біріншілікке қатысу үшін мәлімделмеген ойыншылардың Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаты (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау жолымен). Бұл құжатты көші-қон полициясы органдары клуб ҚКФЛ-ға өтінім құжаттамасын рәсімдеген күнге дейін күнтізбелік 5 күннен ерте бермеуі тиіс;

10.3.11. reg@pflk.kz электрондық мекенжайына жіберу арқылы барлық ойыншыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сақтандыру полисі (сақтандыру компаниясы куәландырған сақтандырылған ойыншылардың тізімін қоса бере отырып). Сақтандыру полисінің қолданылу аумағы тек Қазақстан Республикасының аумағымен шектелмеуге тиіс;

10.3.12. әр ойыншыға, өтініш парақтарына сәйкес клуб басшылығы, команда мамандарына портреттік фотосуреттердің электронды формалары (файл пішімі бастапқы – JPEG немесе RAW, фотосурет ақ фонда түсірілуі керек) (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жіберу және KFF Connect жүйесіне жүктеу арқылы). Барлық ойыншылар 2021 жылғы клубтың ойын формасында суретке түсуі керек;

10.3.13. бастапқы – JPEG немесе RAW файл форматындағы команданың түрлі-түсті фотосуретінің (18x24 см) USB-тасымалдаушысындағы және CorelDraw форматындағы клуб логотипінің электрондық формалары (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау жолымен);

10.3.14. осы регламентте көзделген жарналарды аудару туралы банктің белгісі бар төлем тапсырмалары (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау жолымен);

10.3.15. «А» өтінім парағы KFF Connect жүйесіне жүктеледі:

10.3.15.1. клуб 30-дан артық емес ойыншыларды мәлімдеуге құқылы.

10.3.15.2. мәлімделген 30 ойыншының қатарына өтінім парағына «түлегілер» болып табылатын кемінде 18 ойыншы енгізілуі тиіс (және маусым бойы өтінім парағында болуы тиіс). Өтінім парағына «түлегілердің» азырақ санын қосуға жол берілмейді;

10.3.15.3. мәлімделген ойыншылардың санына 3-тен артық емес легионер ойыншылар кіруі мүмкін;

10.3.15.4 бір клуб үшін бір мезгілде («А» өтінім парағы) жалға берілген 7-ден аспайтын ойыншы мәлімделуі мүмкін.

10.3.16. «В» өтінім парағы KFF Connect жүйесіне жүктеледі:

Бірінші Лига клубтары арасындағы Біріншілікке және Екінші Лига командалары арасындағы Біріншілікке (OLIMPBET-Чемпионатқа қатыспай) бір мезгілде қатысатын клубтар «В» өтінім парағына 2000 ж.т. ересек емес, *Түлегі* болып табылатын 25-тен артық емес ойыншыны енгізуге құқылы. Осы тармақшаның ережелері OLIMPBET-Чемпионатына қатысу үшін өтінім құжаттамасын рәсімдеу кезінде «В» өтінім парағын ұсынатын Премьер-Лига клубтарының құрылымына кіретін командаларға қолданылмайды.

10.3.17. «С» өтінім парағы KFF Connect жүйесіне жүктеледі:

Клуб *Түлегілер* болып табылатын және балалар-жасөспірімдер (жастар) футболы бойынша ҚФФ жарыстарына қатысу үшін мәлімделген 2006 ж.т. жас емес 10-нан артық емес ойыншыны бір уақытта мәлімдеуге құқылы. Ойыншылар өтінім берген кезде «С» өтінім парағына сәйкес клубпен келесі ұсынылады:

10.3.17.1. 2021 жылғы маусымда ҚФФ өткізетін жастар біріншіліктеріне қатысу үшін клуб командасының куәландырылған өтініш парағының көшірмесі KFF Connect жүйесіне жүктеледі;

10.3.17.2. ойыншыны клубқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі (әр ойыншыға) KFF Connect жүйесіне жүктеледі;

10.3.17.3. клубтың мөрімен расталған әр ойыншының төлқұжаты мен жеке куәліктің көшірмелері KFF Connect жүйесіне жүктеледі;

10.3.17.4. барлық ойыншыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің көшірмесі (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау жолымен).

«С» өтінім парағына енгізілген ойыншылардың өтінімі және өтінімді кері қайтарып алу 2021 жылғы маусымда ҚФФ өткізетін жастар біріншілігіне қатысу үшін өтінімінен кейін маусым бойы жүзеге асырылады;

10.3.18. басшылық, жаттықтырушылар құрамы мен қызмет көрсетуші персоналдың өтінімі үшін «А1» және «А2» өтінім парақтары KFF Connect жүйесіне жүктеледі.

10.4. Клуб басшылығы, жаттықтырушылар құрамы және мамандары ойыншы ретінде мәлімдене алмайды.

10.5. Өтінім парағына клуб басшысы қол қояды және ол клубтың мөрімен расталады.

«А», «В» және «С» өтініш парақтарына команда сонымен қатар дәрігері қол қояды және команда ойыншылары медициналық тексеруден өткен Қазақстандық медициналық мекеме басшысының мөрімен және қолымен расталады. Медициналық мекеменің медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының көшірмесін клуб өтінім парағымен бір мезгілде (reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау жолымен) ұсынады.

10.6. Клубтардың өтінім құжаттарын рәсімдеу (KFF Connect жүйесінде тіркелу және құжаттарды reg@pflk.kz электрондық мекен-жайына жолдау) ҚКФЛ Басшылығы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

10.7. Тиісті тіркеу трансферлік кезеңі аяқталған күннен кейін 45 күнтізбелік күн ішінде клубтар ҚКФЛ-ға ЕШ алған адамдардың қолы қойылған команданың ойыншыларына, жаттықтырушыларына және мамандарына ЕШ беруге арналған ведомостың түпнұсқасын ұсынуға міндетті.

10.8. Ойыншыларды тіркеу осы регламенттің 10.11. тармағының ережелеріне сәйкес ойыншы өтінім берген жағдайда ойыншыларды тіркеуді қоспағанда, трансферлік кезеңдер ішінде ғана жүзеге асырылады.

10.9. Клубтың ойыншылары мен ресми тұлғаларын кері қайтарып алу клубтың ресми хаты негізінде маусым бойы ҚКФЛ-да тіркеледі. Клубтың басшы, жаттықтырушылар құрамы және қызмет көрсетуші персоналы бүкіл Біріншілік бойы мәлімделуі мүмкін.

10.10. 2021 жылғы маусымда ойыншылардың ауысуын тіркеу үшін төмендегі екі тіркеу трансферлік кезеңі айқындалды:

10.10.1. бірінші кезең – 15 ақпаннан 08 мамырға дейін (Нұр-сұлтан уақытымен сағат 24:00-ге дейін);

10.10.2. екінші кезең – ҚФФ Атқарушы комитетімен анықталады.

10.11. Клуб осы регламенттің 10.10-тармағында көрсетілген тіркеу кезеңдері шеңберінен тыс «А» немесе «В» өтінім парағына ойыншыны келесі жағдайларда мәлімдеуге құқылы:

10.11.1. «А» немесе «В» өтінім парағына енгізілген ойыншының қайтыс болуы);

10.11.2. «А» немесе «В» өтінім парағына енгізілген қақпашының ауыр жарақаты. Клуб тек тиісті позициялы ойыншыны (қақпашы) мәлімдеуге құқылы;

10.11.3. Ұлттық футбол қауымдастықтарының құрама командаларының орналасуынан алынған «А» немесе «В» өтінім парағына енгізілген ойыншының ауыр жарақаты.

Егер оны емдеуге кемінде 3 күнтізбелік ай қажет болса, жарақат ауыр деп саналады. Жарақаттың ауырлық дәрежесі және оны емдеу мерзімдері туралы қорытындыны «Спорттық медицина және оңалту орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының дәрігерлері немесе оның басқа Ұлттық футбол қауымдастығындағы аналогы шығарады.

Клуб ойыншыны осы тармақтың шарттары бойынша, егер осы ойыншының ауысуына халықаралық трансферттік сертификат алу талап етілмесе және осы регламенттің 10.11.1. - 10.11.3. тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар бойынша ойыншы қайтарып алынған жағдайда ғана мәлімдеуге құқылы. Осы регламенттің 10.11.2. және 10.11.3. тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар бойынша «А»

немесе «В» өтінім парағынан шығарылған ойыншының келесі өтінімі осы регламенттің талаптарын сақтай отырып, тіркеу трансферлік кезеңдері шеңберінде ғана мүмкін болады.

10.12. Өтініш жарналарын төлемеген және/немесе келесі қарыздары бар клубтар:

- 10.12.1. ҚФФ заңды органдары салған айыппұлдар бойынша;
- 10.12.2. өз қызметкерлерінің алдында жалақы және өзге де төлемдер бойынша;
- 10.12.3. трансферттік шарттар / өтемақы төлемдері туралы шарттар бойынша, өтінім құжаттамасын рәсімдеуге жіберілмейді.

11 - БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

11.1. Өтінім жарнасы тек Біріншілікке рұқсатқа және қатысуға құқық береді және консультациялық және өзге де қызметтер көрсетуді қамтымайды.

11.2. Біріншілікке қатысу үшін өтінім жарнасының мөлшерін ҚФФ Атқарушы комитеті бекітеді. Өтінім жарнасының мөлшері сондай-ақ OLIMPBET-ҚР Кубогына қатысуды қамтиды.

11.3. Матч ұйымдастырушысы төрешілер мен инспекторды Біріншілік матчына тағайындауға байланысты келесі шығындарды көтереді:

- 11.3.1. төрешілер мен инспектордың матч (матчтар) өткізілетін жерге дейін және кері жол жүруі;
- 11.3.2. нормативтік актілерде белгіленген нормалар бойынша жолда төрешілер мен инспектордың тамақтануына шығындар;
- 11.3.3. төрешілер мен инспектордың қалада (елді мекенде) матч (матчтар) өткізу кезінде тұруы мен тамақтануы бойынша шығындары.

11.4. Біріншілік матчтарына төрешілік ету және инспекциялау бойынша қызметтер үшін ҚФФ жүргізетін сыйақыларды төлеу мынадай мөлшерлерде жүзеге асырылады (бір матч үшін есептегенде):

- 11.4.1. төреші - 108 900 (жүз сегіз мың тоғыз жүз) теңге;
- 11.4.2. төрешінің ассистенті – 54 450 (елу төрт мың төрт жүз елу) теңге (әрқайсысына);
- 11.4.3. резервтік төреші – 16 335 (он алты мың үш жүз отыз бес) теңге;
- 11.4.4. инспектор – 54 450 (елу төрт мың төрт жүз елу) теңге.

11.5. Біріншілік матчтарына қызмет көрсететін төрешілер мен инспекторлардың жол жүруін авиакөлік жүзеге асырады. Елді мекендер арасында әуе қатынасы болмаған жағдайда темір жол/автомобиль көлігімен жол жүруге ақы төлеуге (оның ішінде ЖЖМ-ға ақы төлеу/шығындарды өтеу) жол беріледі.

11.6. Клуб Біріншілікке қатысушылар құрамынан шығарылған жағдайда клуб бұрын төлеген жарналар кері қайтарылмайды және ҚКФЛ жарғылық мақсаттарына жіберіледі.

12 - БАП. КОМАНДАЛАРДЫҢ ОРНЫН АНЫҚТАУ

12.1. Турнир кестесіндегі командалардың орындары Біріншілік барысында және қорытындысы бойынша барлық ойналған матчтарда жинаған ұпайлардың қосындысымен анықталады. Матчтағы жеңіс үшін – 3 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін ұпайлар есептелмейді.

12.2. Біріншіліктің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған команда бірінші орын алады, ал ҚФФ Атқарушы комитеті қорытындыны бекіткеннен кейін «2021 жылғы маусымның Бірінші Лигасының клубтары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасы Біріншілігінің жеңімпазы» деп жарияланады.

12.3. Екі немесе одан да көп командаларда ұпайлар тең болған жағдайда, командалардың Біріншіліктің турнирлік кестесіндегі орындары келесідей анықталады:

12.3.1. барлық матчтарда соғылған және өткізілген доптардың ең жақсы айырмашылығы бойынша;

12.3.2. барлық матчтарда жеңістердің ең көп саны бойынша;

12.3.3. барлық матчтарда ең көп соғылған доп саны бойынша;

12.3.4. барлық матчтарда сырт алаңда соғылған доптардың ең көп саны бойынша;

12.3.5. өзара ойындардың нәтижелері бойынша (ұпайлар саны, жеңістер саны, соғылған және өткізілген доптардың айырмашылығы, соғылған доптар саны, сырт алаңда соғылған доптар саны).

Осы тармақтағы барлық көрсеткіштер басымдық тәртібімен көрсетілген, яғни есептеу кезінде басымдық алдыңғы көрсеткішке беріледі.

13 - БАП. БІРІНШІЛІКТІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ

13.1. Біріншілікте бірінші орын алған клубқа «2021 жылғы маусымның Бірінші Лигасының клубтары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасы Біріншілігінің жеңімпазы» атағы беріледі. Клуб арнайы ауыспалы сыйлықпен және дипломмен марапатталады. Команда ойыншыларына да «2021 жылғы маусымның Бірінші Лигасының клубтары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасы Біріншілігінің жеңімпазы» атағы беріліп, олар алтын медальдар мен дипломдармен марапатталады. Команданы жетістікті дайындағаны үшін клубтың басшылары мен мамандары алтын медальдармен және дипломдармен марапатталады.

13.2. Біріншілікте екінші және үшінші орын алған клубтар дипломдармен марапатталады. Клуб жетекшілері, ойыншылар мен команда мамандары сәйкесінше күміс және қола медальдар мен дипломдармен марапатталады.

13.3. Біріншіліктің жеңімпаз клубында және жүлдегер клубтарда марапатталатындардың жалпы саны – 40 адамнан артық емес (әрбір клубта).

13.4. Клубтар оларға тапсырылған жүлделердің сақталуына (ҚКФЛ-мен жасалған сақтау шарттарының негізінде) жауапты болады.

14 - БАП.

БІРІНШІЛІК МАТЧТАРЫНЫҢ ТРАНСЛЯЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

14.1. Клубтар Біріншілік матчтарын трансляциялауды жүзеге асырған жағдайда Хабар таратушының қызметі үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге және қолайлы жағдай жасауға жауапты.

14.2. Клуб трансляцияны ұйымдастыру бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты шығындарды жабуға құқылы емес.

14.3. Біріншілік матчының тікелей телевизиялық көрсетілімі жүзеге асырылған жағдайда Хабар таратушы мен футбол клубы осы матчтың басталу уақытын осы регламенттің 5.14. тармағының ережелеріне сәйкес дербес айқындайды. Хабар таратушы мен футбол клубы арасындағы матчтың басталу уақыты туралы келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, матчтың басталу уақытын ҚКФЛ Басшылығы анықтайды.

14.4. Біріншілік матчын стадионнан тыс кең экрандарда таратуға тек ҚКФЛ Басшылығының, Хабар таратушының және қала (аудан) әкімшілігінің мақұлдауымен рұқсат етіледі.

Біріншілік матчы кезінде стадион таблосында ойын эпизодтарын қайталауды қоспағанда матчты трансляциялауға тыйым салынады. Келесі эпизодтарды қайталауға тыйым салынады:

14.4.1. Ойын ережелерін бұзумен байланысты ойыншылардың, клубтың ресми тұлғаларының, көрермендердің кері реакциясын тудыруы мүмкін қайталанулар;

14.4.2. төбелеске әкелген қақтығыстар мен жағдайлар, төбелестің өзі, соның ішінде көрермендер арасында;

14.4.3. ойыншыларға, матчтың ресми тұлғаларына, клубтың ресми тұлғаларына, көрермендерге жарақат салу сәттері.

15 – БАП.

БІРІНШІЛІК МАТЧТАРЫНЫҢ ИНТЕРНЕТ ТРАНСЛЯЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

15.1. Клуб-матч ұйымдастырушысы клубтың ресми сайтында Біріншілік матчтарының тікелей интернет трансляциясын өткізуге міндетті.

15.2. Клуб-матч ұйымдастырушысы өз бетінше және өз есебінен матчтардың тікелей интернет трансляциясын ұйымдастырады. Біріншілік матчтарының интернет трансляцияларын өткізу құқығы клубтарға ҚКФЛ мен клуб арасындағы шарт негізінде беріледі.

15.3. Матчты тікелей интернет-трансляциялау үшін матчты түсіру кем дегенде бір бейнекамерамен жүргізілуі керек.

15.4. Матчтың тікелей интернет-трансляциясы комментатордың түсіндірмесімен бірге жүруі мүмкін.

16 - БАП. ТӘРТІПТІК САНКЦИЯЛАР

16.1. Клубтарға, ресми тұлғаларға, ойыншыларға және футболдың өзге субъектілеріне тәртіптік санкцияларды ҚФФ заңды органдары Тәртіптік регламентке, Әдеп кодексіне және ҚФФ өзге қағидаларына (бұдан әрі – «ҚФФ тәртіптік қағидалары») сәйкес қолданады.

16.2. Мәселелерді қарастыру және санкциялар салу тәртібі, санкциялар тізбесі, сондай-ақ ҚФФ заң органдарының шешімдеріне шағымдану тәртібі ҚФФ тәртіптік қағидаларымен реттеледі.

16.3. ҚФФ-ның тәртіптік ережелерінде көзделмеген мәселелер бойынша шешімдерді FIFA, UEFA және ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес ҚФФ-ның заңды органдары қарастырады және қабылдайды.

17 - БАП. НАРАЗЫЛЫҚТАР

17.1. Наразылық Ойын ережелерін сақтамауға байланысты немесе матчты өткізу бөлігінде осы регламенттің ережелерін бұзатын фактілерге (әрекеттерге немесе әрекетсіздікке) берілуі мүмкін.

17.2. Наразылықты БТК қарастырады. Наразылық беру және оны қарау тәртібі Тәртіптік регламентпен реттеледі.

17.3. Наразылықтың көшірмесі ҚКФЛ-ға жіберіледі.

17.4. Наразылықты тек клуб бере алады.

17.5. Наразылық білдірген клуб оны қарастыруға байланысты 50 АЕК мөлшеріндегі шығыстарды көтереді.

17.6. Матчтың ойын эпизодтары бойынша төрешінің шешімдеріне наразылықтар қарастырылуға қабылданбайды.

17.7. Клубтың уақтылы берілмеген, сондай-ақ клубтың ҚФФ есеп шотына наразылықты қарастыру үшін ақша жарнасын аударғаны туралы хабарламамен қамтамасыз етілмеген наразылықтары қарастыруға қабылданбайды. Наразылық негізделген деп танылған жағдайда, жарна клубқа толық көлемде қайтарылады, наразылық негізсіз деп танылған жағдайда клубқа жарна қайтарылмайды.

18 - БАП. КЛУБТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

18.1. Клубтар, клуб басшылары, ойыншылар мен ресми тұлғалар бір-біріне және көрермендерге (жанкүйерлерге) жоғары тәртіп, ұйымшылдық, құрмет көрсете отырып, осы регламенттің барлық талаптарын орындауға міндетті.

18.2. Клуб басшылары өз командасының ойыншыларының мінез-құлқына жауап береді және ойын барысында да, одан кейін де матчтың ресми тұлғаларының әрекеттеріне араласуға құқығы жоқ.

18.3. Клубтар осы Регламентте және ҚФФ мен ҚКФЛ-ның басқа құжаттарында белгіленген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

18.4. Клубтар матчты өткізуге байланысты қажетті ұйымдастырушылық шараларды қамтамасыз етуге жауап береді. Клубтар өз құзыреті шегінде стадион әкімшілігімен және ішкі істер органдарымен бірлесіп, Біріншілік матчына дейін, кезінде және одан кейін стадион ішінде және оған іргелес аумақта тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті.

18.5. Клубтар өз көрермендерінің (жанкүйерлерінің), ресми тұлғаларының мінез-құлқына жауап береді. Қонақта матчты өткізетін клуб Біріншіліктің қонақ матчы өткізу кезінде стадионда болған өз клубы жанкүйерлерінің мінез-құлқы үшін жауапқа тартылуы мүмкін.

18.6. Клубтар ойыншылар мен клубтың ресми тұлғаларына салынған тәртіптік санкцияларды (ескерту, жою, дисквалификация) есепке алуға және сақтауға жауапты болады.

18.7. Клубтар Регламенттің ойыншылар мен клубтың ресми тұлғаларына матчқа қатысуға рұқсат беру талаптарын сақтауға жауапты.

18.8. Клубтар ойыншылардың Біріншілікке қатысуға медициналық рұқсаты үшін жауап береді.

18.9. Өңірлік футбол федерациялары Біріншілік матчтарын өткізу кезінде тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға тікелей қатысуға тиіс.

19 - БАП. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

19.1. Біріншілік ойындарының күнтізбесі ҚФФ меншігі болып табылады. Клубтар күнтізбені жарнамалық, коммерциялық және басқа мақсаттарда аталған құқықтарды басқа тұлғаларға табыстамай-ақ пайдалана алады.

19.2. Біріншілік матчтары FIFA анықтаған «Fair Play» қағидаларына сәйкес өткізіледі.

19.3. Клубтар өз командаларының ҚФФ өткізетін жастар (балалар-жасөспірімдер) футболы бойынша жарыстарға оларды өткізу туралы қағидаларға сәйкес қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

19.4. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық турнирлерді (матчтарды) ұйымдастыратын клубтар оларды өткізуге ҚКФЛ Басшылығынан рұқсат алуға міндетті. Тиісті өтініш ҚКФЛ-ға турнир (матч) өткізілгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

19.5. Клубтар шетелдік жиындарды немесе матчтарды өткізу кезінде ҚКФЛ-ға мерзімі, қарсыластары және оларды өткізу орны туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

19.6. ҚФФ мен ҚКФЛ Біріншілік матчының ойыншыларын допинг-бақылауға алуы мүмкін.

19.7. ҚФФ Атқару комитеті бекіткен соң, Біріншіліктің спорттық қорытындыларын кез келген себептер бойынша қайта қарастыруға жол берілмейді.

19.8. ҚКФЛ өткізетін барлық басқа жарыстар ҚФФ Атқарушы комитеті бекіткен тиісті қағидалар негізінде ұйымдастырылады.

19.9. Біріншіліктің жекелеген матчтарына ҚКФЛ басшылығы ҚКФЛ қауіпсіздігі жөніндегі маманды жібере алады. Клубтар аталған ҚКФЛ лауазымды тұлғасына Біріншілік матчының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде, оның ішінде жұмылдырылған қызметтер (полиция, өртке қарсы және медициналық қызмет) тарапынан толық жәрдем көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

19.10. Осы регламентте қарастырылмаған мәселелерді ҚФФ және ҚКФЛ уәкілетті органдары реттейді.

19.11. Арнайы қағидалар болмаған жағдайда ҚФФ және ҚКФЛ уәкілетті органдары FIFA және UEFA қолданатын қағидаттар мен нормаларды ескере отырып шешім қабылдайды.

19.12. Осы регламенттің қағидалары бекітілген сәттен бастап жаңа регламент қабылданғанға дейін қолданылады.

19.13. Осы регламенттің ережелерінің кері күші болмайды және ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

**БІРІНШІ ЛИГА КЛУБТАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІРІНШІЛІГІНІҢ РЕГЛАМЕНТІНЕ
№1 ҚОСЫМША**

**БІРІНШІЛІК МАТЧТАРЫН ТҮСІРУ КЕЗІНДЕ КАМЕРАЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУ
СХЕМАСЫ**

1 НҰСҚА

(стадионда екі қарама-қарсы орталық трибуна болған жағдайда қолданылады)

X

C3 PC C3

X

2 НҰСҚА

(стадионда екі қарама-қарсы орталық трибуна болған жағдайда қолданылады)

X

C3 PC C3

X

3 НҰСҚА

(стадионда бір ғана орталық трибуна болған жағдайда қолданылады)

C3 PC C3

XX

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

X – камера.

C3 (ҚО) – қосалқы ойыншылардың орны.

PC (PT) – матчтың резервтік төрешісінің орналасқан жері.

ЕСКЕРТУ

Екі камера да стадион трибунасының ең биік нүктесінде орналасуы керек, бұл бүкіл футбол алаңын және матчтың барлық қатысушыларын сапалы түсіруге мүмкіндік береді. Матч ұйымдастырушысы Біріншілік матчтарының түсірілімін жүргізу үшін жабдықталған қауіпсіз орынды (алаңды) қамтамасыз етуі тиіс.